Қазақстан Республикасы
Маңғыстау облысы
Бейнеу ауданы

Республика Казахстан
Мангистауская область
Бейнеуский район

Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
«Бейнеугаз»
Товарищество с ограниченной ответственностью

БИН: 980 340 003394
ИИК: KZ836010231000046365 АО «Народный Банк Казахстана», БИК: HSBKKZKX, КБЕ: 17,
село Бейнеу, ул. С. Бейбарыс №15Б, тел.факс 8(72932) 500-25 beineu_gaz@mail.ru

шыг/исх. №55
05.08 .2021 г.

Маңғыстау облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментіне

Біз, «Бейнеугаз» ЖШС әлеуетті өнім беруші ретінде "Маңғыстау облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесі ұйымдастырған төмендегі конкурсқа қатысқан едік:

- Конкурстың № **5999099-ОК1,** конкурстың атауы: **Ақтау қаласында «ГПП-4Г-ні қоректендіретін 110 кВ-ӘЖ Л-Г-5 және Л-Г-6-дан «ХАБ-1-110/10 кВ» ҚС-ға дейін 110 кВ-ӘЖ-нің екі тізбекті аралық шықпаларын салу,** бөлінген сома: 237 586 682 (Екі жүз отыз жеті миллион бес жүз сексен алты мың алты жүз сексен екі) теңге;
- Лоттың № **44757455-ОК1,** лоттың атауы: **Энергетикалық қондырғыларды / электр станцияларын салу (жабдықтау) бойынша жұмыстар;**
- Тапсырыс беруші: **"Ақтау қалалық құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі**
- Ұйымдастырушының атауы: **"Маңғыстау облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесі**, мекен-жайы: **Казахстан, Актау, Микрорайон 14, 1.**

29.07.2021 жылғы № 5999099-ОК1 Қорытындылар туралы хаттамасында біздің, «Бейнеугаз» ЖШС-нің жұмыс тәжірибесіне берілген шартты жеңілдік 0% (ноль) деп, тек төленген салықтардың көрсеткіші бойынша шартты жеңілдікке 3% (үш) балл беріп, жалпы шартты жеңілдік 3% баллмен есептеп берген. Алайда біз бұл қорытындыға келіспейміз, себебі «Бейнеугаз» ЖШС-де конкурстың талабына сай техникалық жағынан күрделілерге жататын жұмыстарына ешқандай жеңілдік есептемеген, осыған орай төменде көрсетілген жұмыстардың техникалық жағынан күрделілерге жататын жұмыс екендігін мемлекеттік сараптама қорытындыларымен қоса тапсырыс берушінің растап берген хаттарымен дәлелдеп жолдаймыз:

1. 2020 жылы жасаған **«№6656 әскери бөлімінің сыртқы электр желісі құрылысы» жұмысының техникалық күрделілігі мен жауапкершілік деңгейі жұмыстың бекітілген жалпы түсіндірмесінің (ОБЩАЯ ПОЯСНИТЕЛЬНАЯ ЗАПИСКА, ОПЗ – 107, ТОМ 1) 3.9.-бөлімінде: техникалық күрделілігі күрделілерге жататын II (қалыпты) деңгейдегі кешен екендігі көрсетіліп тұр. Сонымен қатар мемлекеттік сатып-алу порталында осы жұмыстың техникалық күрделілігі күрделілерге жататын II (қалыпты) деңгейдегі кешен екендігін Тапсырыс беруші растап (подтверждение) берген (қосымшаға тіркелді).**
2. 2019 жылы жасаған **«Ақтау қаласының 17 шағынауданында ішкі шағын ауданішілік желілер (электрмен жабдықтау) салу. II кезек»** жұмысы 27.07.2017 жылғы № 15-0178/17 мемлекеттік сараптама қорытындысының **7.2.-бөлімінде: техникалық күрделілігі күрделілерге жататын II (қалыпты) деңгейдегі кешен екендігі көрсетіліп тұр. Сонымен қатар мемлекеттік сатып-алу порталында осы жұмыстың техникалық күрделілігі**

<u>күрделілерге жататын II (қалыпты) деңгейдегі кешен екендігін Тапсырыс беруші растап (подтверждение) берген</u> (қосымшаға тіркелді).

3. 2016 жылы жасаған **«Боранқұл селосында электр желілерін қайта құрылымдау және кеңейту»** жұмысының <u>2015 жылғы 10 қаңтардағы № 15-0026/15 мемлекеттік сараптама қорытындысының</u> 7.1.-бөлімінде «ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 23 қазандағы №1656 қаулысымен бекітілген Ғимараттар мен құрылыстарды техникалық жағынан күрделі объектілерге жатқызу ережесіне» сәйкес жобалаушымен – II (қалыпты) жауапкершілік деңгейі тағайындалған, - деп көрсетілген. «ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 23 қазандағы №1656 қаулысымен бекітілген Ғимараттар мен құрылыстарды техникалық жағынан күрделі объектілерге жатқызу ережесінің» 5-тармағында:
   3.1. **«Өндірістік мақсаттағы техникалық жағынан күрделі объектілерге (кешендерге) жауапкершілігі бірінші (күшейтілген) және екінші (қалыпты) деңгейге жататын барлық ғимараттар мен құрылыстар жатады.» - делінген.** Демек, **«Боранқұл селосында электр желілерін қайта құрылымдау және кеңейту»** жұмысының жауапкершілік деңгейі **<u>II (қалыпты) деңгей болғандықтан, техникалық жағынан күрделілерге жататын</u>** объект (кешен) болып табылады. **Сонымен қатар мемлекеттік сатып-алу порталында осы жұмыстың <u>техникалық күрделілігі күрделілерге жататын II (қалыпты) деңгейдегі кешен екендігін Тапсырыс беруші растап (подтверждение) берген</u> (қосымшаға тіркелді). Оған қоса 15.06.2021 жылғы №01-15-208 шығыспен <u>Тапсырыс берушінің электронды депозитарийдағы мәліметті растап берген анықтамасы да бар</u> (қосымшаға тіркелді).**
4. 2015 жылы жасаған **«Өмірзақ селосының электр желілерін қайта құрылымдау»** жұмысының <u>2013 жылғы 13 мамырдағы №15-0156/13 мемлекеттік сараптама қорытындысының</u> **6.2.2.-бөлімінде: <u>«жауапкершілік деңгейі - II (қалыпты)»</u>**,- деп көрсетіліп тұр. 2013 жылдың 13-мамырына дейін қолданыста болған (қазіргі таңда мұрағаттық версия) «ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 23 қазандағы №1656 қаулысымен бекітілген Ғимараттар мен құрылыстарды техникалық жағынан күрделі объектілерге жатқызу ережесінің» 5-тармағына сәйкес **«Өмірзақ селосының электр желілерін қайта құрылымдау»** жұмысы **<u>техникалық жағынан күрделілерге жататын</u>** объект (кешен) болып табылады. **Сонымен қатар мемлекеттік сатып-алу порталында осы жұмыстың <u>техникалық күрделілігі күрделілерге жататын II (қалыпты) деңгейдегі кешен екендігін Тапсырыс беруші растап (подтверждение) берген</u> (қосымшаға тіркелді).**
5. 2015 жылы жасаған **«Мұнайлы ауданы, Баянды ауылында 100000 құсқа арналған құс фабрикасының құрылысы (электрмен жабдықтау)»** жұмысының <u>2013 жылғы 21 тамыздағы №15-0271/13 мемлекеттік сараптама қорытындысының</u> 6.2.1.-бөлімінде электр желілерінің сенімділігі (надежность) I санат (категория), - деп көрсетіліп тұр. Электр қондырғыларын орнату қағидаларын бекіту туралы бұйрығында: <u>«I санаттағы электр қабылдағыштар – электрмен жабдықтаудағы үзілісі адамдардың өміріне қауіп төндіретін, кәсіпорындардың экономикасына айтарлықтай зардап тигізетін, негізгі қымбат жабдықтың зақымдалуы, өнімнің жаппай бүлінуі, күрделі технологиялық үрдістің бұзылуы, коммуналдық шаруашылықтың аса маңызды элементтерінің қызмет етуінің бұзылуына әкеліп соғатын электр қабылдағыштар. Аса күрделі токтаусыз технологиялық үрдісі бар I санаттағы жұмыс тәртібі қалпына келуі үшін ұзақ уақытты қажет ететін, техникалық – экономикалық негіздемелері бар электр қабылдағыштардың электр жабдықталуы технологиялық үрдістің ерекшеліктерімен анықталатын қосымша талаптар қойылатын екі тәуелсіз өзара резервтейтін көрек көздері арқылы жүзеге асырылады.»</u> - делінген. Демек осы аталған жұмыс сенімділігі I санатқа (категорияға) кіретіндіктен **<u>техникалық жағынан күрделілерге жататын</u>** объект (кешен) болып табылады. **Сонымен қатар мемлекеттік сатып-алу порталында осы жұмыстың <u>техникалық күрделілігі күрделілерге жататын II (қалыпты) деңгейдегі кешен екендігін Тапсырыс беруші растап (подтверждение) берген</u> (қосымшаға тіркелді).**
6. 2014 жылы жасаған **«Бейнеу ауылында «Қолжетімді тұрғын үй – 2020» бағдарламасы бойынша салынған үйлерге электр желілерінің құрылысы»** жұмысының <u>2014 жылғы 13 қаңтардағы №15-0010/14 мемлекеттік сараптама қорытындысының</u> **7.1. бөлімінде жауапкершілік деңгейі – II (қалыпты) деп көрсетілген.** 2014 жылы қолданыста болған «ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 23 қазандағы №1656 қаулысымен бекітілген Ғимараттар мен құрылыстарды техникалық жағынан күрделі объектілерге жатқызу ережесінің» 5-тармағына сәйкес бұл жұмыс **II (қалыпты) деңгейдегі техникалық жағынан күрделілерге жататын**

нысан болып табылады. **Сонымен қатар мемлекеттік сатып-алу порталында осы жұмыстың техникалық күрделілігі күрделілерге жататын II (қалыпты) деңгейдегі кешен екендігін Тапсырыс беруші растап (подтверждение) берген (қосымшаға тіркелді). Оған қоса 15.06.2021 жылғы №01-15-208 шығыспен Тапсырыс берушінің электронды депозитарийдағы мәліметті растап берген анықтамасы да бар (қосымшаға тіркелді).**

Осы жоғарыдағы тұрған жұмыстардың дұрыстығын Тапсырыс берушілер мемлекеттік сатып алу порталында растап (подтверждение) берген. Соған орай:

2020 жылға – 1 % балл (күрделі);
2019 жылға – 1 % балл (күрделі);
2016 жылға – 1 % балл (күрделі);
2015 жылға – 1 % балл (күрделі);
2015 жылға – 0,2 % балл (күрделі);
2014 жылға – 1 % балл (күрделі).

– осыларды есептегенде жалпы шартты жеңілдік 5,2% балл болғандықтан, біздің жұмыс тәжірибемізге шартты жеңілдік – 5% балл, төленген салықтардың көрсеткіші бойынша шартты жеңілдікке 3% (үш) балл беріп, жалпы шартты жеңілдік 8% балл берілуі керек.

Осы шағымымызбен ұйымдастырушы "Маңғыстау облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің дұрыстап тексермей, қате есептеп берген **29.07.2021 жылғы № 5999099-ОК1 Қорытындылар туралы хаттамасын** жарамсыз деп танып, өзіміздің жұмыс тәжірибемізге тиесілі шартты жеңілдік – 5% баллды есептеп, жалпы шартты жеңілдік 8% балл, - деп ұйымдастырушылар тарапынан кеткен қателіктерді түзетіп беруіңізді сұраймыз.

Жалғанды:

1. Бекітілген жалпы түсіндірме (ОБЩАЯ ПОЯСНИТЕЛЬНАЯ ЗАПИСКА, ОПЗ – 107, ТОМ 1);
2. 27.07.2017 жылғы № 15-0178/17 мемлекеттік сараптама қорытындысы;
3. 2015 жылғы 10 қаңтардағы № 15-0026/15 мемлекеттік сараптама қорытындысы;
4. 2013 жылғы 13 мамырдағы №15-0156/13 мемлекеттік сараптама қорытындысы;
5. 2013 жылғы 21 тамыздағы №15-0271/13 мемлекеттік сараптама қорытындысы;
6. 2014 жылғы 13 қаңтардағы №15-0010/14 мемлекеттік сараптама қорытындысы;
7. «Боранқұл селосында электр желілерін қайта құрылымдау және кеңейту» және «Бейнеу ауылында «Қолжетімді тұрғын үй – 2020» бағдарламасы бойынша салынған үйлерге электр желілерінің құрылысы» жұмыстарының дұрыстығын 15.06.2021 жылғы №01-15-208 шығыспен Тапсырыс берушінің растап берген анықтамасы;
8. «ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 23 қазандағы №1656 қаулысымен бекітілген Ғимараттар мен құрылыстарды техникалық жағынан күрделі объектілерге жатқызу ережесі» мұрағаттық версиясы;
9. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалары бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығы;

«Бейнеугаз» ЖШС директоры_____Н.С.Бурин